

"Электровоздарды, тепловоздарды жөндеу объектілерін күтіп-ұстауға, пайдалануға және жұмысшылардың еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 180 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 25 сәуірдегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4635 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010 жылғы 30 маусымдағы N 476 бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2010.06.30 N 476 бұйрығымен.

"Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының б) тармақшасына, 17-бабының 1-тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Электровоздарды, тепловоздарды жөндеу объектілерін күтіп-ұстауға, пайдалануға және жұмысшылардың еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті (Белоног А.А.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Мұхамеджанов Ж.М.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін ресми жариялауға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Омаровқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының

2007 жылғы 30 наурыз

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2007 жылғы 20 наурыздағы
N 180 бұйрығымен бекітілген

"Электровоздарды, тепловоздарды жөндеу объектілерін күтіп-ұстауға, пайдалануға және жұмысшылардың еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар

1. Жалпы бөлім

1. "Электровоздарды, тепловоздарды жөндеу объектілерін күтіп-ұстауға, пайдалануға және жұмысшылардың еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық ережесі мен нормалар (бұдан әрі - санитарлық ережелер) локомотивтік депода электровоздар мен тепловоздарды жөндеу бойынша объектілерді күтіп ұстауға, пайдалануға және жұмысшылардың еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

2. Заңды және жеке тұлғалар осы санитарлық ережелер талаптарының сақталуын қамтамасыз етуі тиіс.

2. Аумақты күтіп ұстауға және ғимараттар мен имараттарды орналастыруға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

3. Депоның санитарлық-қорғау аймағы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3792 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 8 шілдедегі N 334 бұйрығымен (бұдан әрі - N 334 бұйрық) бекітілген "Өндірістік объектілерді жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ереженің талаптарына сай белгіленуі тиіс.

4. Локомотив депосының (бұдан әрі - депо) аумағында мына аймақтар қарастырылуы тиіс: өндірістік, қосалқы, әкімшілік-шаруашылық, қойма, демалыс аймағы.

5. Депоның аумағы және санитарлық-қорғау аймағы абаттандырылған және нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3629 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 24 мамырдағы N 137 бұйрығымен бекітілген "Елді-мекен аумағын күтіп-ұстауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ереженің талаптарына сай болуы тиіс.

6. Депоның аумағында мұнай өнімдері қалдықтарын, ластанған және мұнай өнімдері сіңірілген заттарды, сұрту материалдарын және басқа да өндіріс қалдықтарын (бұдан әрі - қалдық) уақытша жинауға және сақтауға арналған жеке сыйымдылық ыдыс болуы тиіс. Қалдықтар зарарсыздануы және N 137 бұйрықтың талаптарына сай арнайы бөлек жерге шығарылуы тиіс.

7. Құрамында улы заттар бар қалдықтарды көму өнеркәсіптік улы заттарды зарарсыздандыру және көму полигондарында жүзеге асырылуы тиіс. Қалдықтарды депоның аумағында жағуға рұқсат етілмейді.

8. Пайдаланылатын қалдықтарды жинау үшін 1,5 метр (бұдан әрі - м) биіктікте үш жақтан қоршалған, алаңқайда орналасқан металл контейнерлер қолданылуы тиіс.

9. Контейнерлер өндірістік және қосалқы үй-жайлардан кемінде 25 метр және 100 метрден аспайтын қашықтықта орналасуы тиіс.

3. Өндірістік үй-жайларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

10. Деподағы үй-жайлар өндірістік процестердің ағымы ескеріле отырып орналасуы тиіс.

11. Негізгі цех ғимараттарының алдыңғы жағына әкімшілік-тұрмыстық үй-жайларды жапсарлата салуға рұқсат етілмейді.

12. Үй-жайларды жоспарлау кезінде табиғи жарықты және табиғи желдетуді пайдалану мүмкіндігі есепке алынуы тиіс.

13. Зиянды заттарды бөлумен байланысты процесс оқшаулануы тиіс. Үй-жай механикалық сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталуы тиіс.

14. Бірнеше зиянды факторлары бар цехтар мен учаскелер бір өндірістік ғимаратқа орналасқан кезде осы факторлардың біріншісінен екіншісіне таралуының алдын алу үшін кіреберіс (тамбур), ауа шымалдығы, перде түріндегі жеңіл қақпалар құрылғыларын орнату шаралары қолданылуы тиіс.

15. Өндірістік үй-жайлар қосалқы және қойма үй-жайларымен, жабық жоларалықтармен байланыста болуы тиіс. Жылытылатын ғимараттар шлюз

түрінде орнатылған екі қабатты кіреберіспен, ал депоның тұрақ бөлігі - әр қақпада ауа шымылдығы бар ені 6 метрлік бір қабатты кіреберіспен жабдықталуы тиіс. Жарықаэрационды шам қондыруға рұқсат етілмейді.

16. Өндірістік үй-жайлардың ішін әрлеу Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан орындалуы тиіс.

4. Сумен жабдықтауға және кәрізге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

17. Ауыз су сапасы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2999 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 бұйрығымен бекітілген "Шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау және мәдени-тұрмыстық су пайдалану орындары жөніндегі санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуы тиіс.

18. Депоны сумен жабдықтаудың шаруашылық-ауыз су және өндірістік жүйелері бөлек болуы тиіс.

19. Депоның барлық үй-жайлары ауыз сумен қамтамасыз етілуі тиіс.

20. Қышқыл мен сілтінің (аккумуляторлы) шоғырланған ерітіндісімен денені, көзді зақымдау мүмкін өндірістік үй-жайларда денені, көзді жууға арналып бейімделген, шүмегі бар раковиналар орнатылуы тиіс. Қол жуғыштың қасында электрлі сүлгі орнатылуы тиіс.

21. Аккумулятор бөлімшесі жиналған суды және пайдаланылған электролитті ағыспен жіберуге арналған оқшауланған кәрізбен жабдықталуы тиіс. Аккумулятор бөлімшесінің ағынды суы тазартудан және бейтараптанғаннан кейін кәрізге жіберілуі тиіс.

22. Депоның тазарту имараттары (құрамында мұнай өнімдері, орта салмақты заттар, жуу ерітінділері, хром бар) жауын суының кәріз желісі арқылы депоның ластанған аумағынан өндірістік және жер бетінің суын қабылдауға есептелген болуы тиіс. Тұрмыстық ағынды сулар қалалық немесе станциялық кәрізге жіберілуі тиіс.

23. Бөлшектер мен тораптарды жуу кезінде жуған су жиналуы және зарарсыздануы тиіс.

24. Локальды тазарту имараттарының кешені ағынды өндірістік суларды тазалауды қамтамасыз етуі тиіс. Ағынды суларды шығару "Шаруашылық-ауыз сумен қамтамасыз ету және мәдени-тұрмыстық суды пайдалану бойынша санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының

2004 жылғы 28 маусымдағы N 506 бұйрығымен бекітілген "Жер бетінің суларын ластанудан сақтау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" санитарлық-эпидемиологиялық ережесі мен нормаларына сәйкестігіне санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бар болған кезде жүргізіледі.

5. Табиғи және жасанды жарыққа қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

25. Депоның өндірістік, қосалқы, санитарлық-тұрмыстық үй-жайларындағы және аумағындағы табиғи және жасанды жарық N 334 бұйрықтың талаптарына сай болуы тиіс.

26. Адамдар тұрақты келетін депоның барлық өндірістік үй-жайларында табиғи жарық болуы тиіс.

27. Депоның тұрақ бөлімінде құрама (жоғарғы және жанама) немесе жоғарғы, табиғи жарық болуы тиіс.

28. Депоның үй-жайларында біріккен (табиғи және жасанды) жарық қарастырылуы тиіс.

29. Өндірістік үй-жайлардағы табиғи жарық құрама, біркелі болуы және шамның разрядты көзі бар шырақтармен қамтамасыз етілуі тиіс. Қызу лампалары апаттық жарықтар үшін пайдаланылуы тиіс.

30. Жарық, жарықтың түсу деңгейлері бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды қамтамасыз ету шырақтарды және олардың жарық техникасы сипатын ықтимал орналастыруы тиіс.

31. Еденнен 1,2-1,5 м деңгейдегі локомотив асты кеңістігін жергілікті жарықтандыру үшін люминесцентті шырақпен жабдықталуы тиіс. Қарау канаваларында орнатылған панельді жарық болуы тиіс.

32. Жұмыс жүргізілмейтін өндірістік үй-жайлардың өту жолдары мен учаскелеріндегі жарық жалпы жарықтандырудың шырағымен болатын нормаланатын жарықтың 25 пайызынан артық болмауы, бірақ разрядты лампалар кезінде 75 люкстен (бұдан әрі - лк) кем болмауы және қызу лампалары кезінде 30 лк кем болмауы тиіс.

33. Жұмыс орнының жергілікті жарығы үшін, жұмыс істеушіге тікелей және сәулелі жарықтың зиянды әсерін тигізбейтін шамдар пайдалануы тиіс.

34. Көпір крандары кран асты жарығымен жабдықталуы тиіс.

35. Қосымша тасымал жарық талап етілетін жұмыстарды орындау кезінде магнитпен ұстап тұратын немесе каскаға бекітілген лампаларды пайдалануға болады.

36. Темір жол жолдарының, алаңқайалардың, жолдардың неғұрлым көп жарығының қатынасы оның неғұрлым кіші мәніне 15:1 қатынасынан аспауы тиіс.

37. Жарық жақтауларының шырақтары мен әйнектері ластануына байланысты және айына кемінде 1 рет ыстан, шаңнан, ластан тазартылуы тиіс. Әйнектерді тазарту процесі механикаланған болуы тиіс. Ыңғайлы және қауіпсіз тазалау үшін арнайы бөгеуілді бөстек, тасымалданатын немесе тұрақты баспалдақтар, жылжымалы мұнаралар пайдаланылуы тиіс.

38. Істен шыққан шамдар, сынған және зақымданған қорғау арматурасы жедел ауыстырылуы тиіс. Сынап пайдаланылған пайдаланылған лампаларды сақтау үшін белгіленген тәртіппен жою мақсатында шығару үшін жеке үй-жайлар қарастырылуы тиіс.

6. Жылуға, желдеткішке, ауа салқындатқышқа қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

39. Жұмыс аймағы ауасындағы зиянды заттардың құрамы, депоның өндірістік үй-жайларының микроклиматы Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3789 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрі міндетін атқарушының 2005 жылғы 14 шілдедегі N 355 бұйрығымен бекітілген "Өндірістік үй-жайлардағы ауаға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ереженің талаптарына сай болуы тиіс.

40. Тұрақты жұмыс орны бар өндірістік үй-жайлардағы жылыту құралдары жұмыс істейтіндерді салқын ауа лебінен қорғау үшін жарық жақтауларының (терезелер) астына орналасуы және тазалау мен жөндеу үшін ыңғайлы болуы тиіс.

41. Депоның цехтарында жылыту құралымен қосылған ауа температурасының көрсеткіші орнатылуы тиіс. Үй-жайларда қабырғадан 5 м қашықтықта, көрінетін жерде термометрлер орнатылуы тиіс. Қақпа және кіру есіктері ауа-жылыту шымалдығын іске қосу арқылы қосылған болуы тиіс.

42. Қарау канаваларында жылу қарастырылуы тиіс. Ауа жылуын пайдалану кезінде келген ауа қарау канавасының қабырғасын бойлай орналасқан тор арқылы берілуі тиіс.

43. Депоның барлық үй-жайлары табиғи жалпы айналым желдеткішімен қамтамасыз етілуі тиіс. Терезе мықты жабылатын фрамугалармен қамтамасыз етілуі тиіс.

44. Техникалық қызмет көрсету және ағымдық жөндеу цехтарында механикалық желдеткіш қарастырылуы тиіс.

45. Жылу жоғары мөлшерде бөлінетін цехтар мен учаскелердің жабындысы жел соқпайтын шахтамен, қашықтықтан басқарылатын аэрациялық шамдармен, механикаландырылған фрамугалармен жабдықталуы тиіс. Табиғи желдету кезінде желдетілетін үй-жайға сырттан ауа беру жылы мезгілде 1,8 м аспайтын

деңгейде, ал салқын мезгілде - еденнен желдету жақтауларына дейінгі төмендікке дейін 4 м кем емес деңгейді қарастыруы тиіс. Терезенің ашылатын жақтаулары, аэрациялық қақпа, көрсетілген деңгейде ауаны беруге арналған көтерілетін жылжымалы қабырға қарастырылуы тиіс. Ашылатын жақтаулардың ауданы әйнектелудің жалпы ауданының 20% кем емес болуы тиіс.

46. Жергілікті сору жүйелері қосылу нәтижесінде жарылу қаупі бар қоспаларды түзуі немесе неғұрлым қауіпті және зиянды заттарды тудыруы мүмкін технологиялық жабдықтардан бөлек болуы тиіс.

47. Жергілікті сору желдеткішінің құрылғысы және жүйесі ауаны ластанудан тазартуға арналған қондырғымен жабдықталуы тиіс.

48. Желдеткіш құралы және жүйесі зиянды заттардың бір цехтан екіншісіне енуін болдырмауы тиіс. Сырттан берілетін ауа көп ластанған аймақтан аз ластанған аймақ арқылы келмейтіндей бағытталуы және жергілікті сорудың жұмысын бұзбауы тиіс.

49. Жергілікті сору құрылғысын орнату мүмкін емес зиянды заттардың көздері бар тұрақты жұмыс орындарында ауа сырттан берілуі тиіс.

50. Ауа жіберу жұмыс жолына немесе сорудан қарама-қарсы жақтың учаскесіне жүргізілуі тиіс. Жіберілетін ауа жұмыс аймағы арқылы өтуі және қарама-қарсы жақтан шығарылуы тиіс.

7. Шуға, дірілге, ультрадыбысқа, электромагниттік өріс деңгейлеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

51. Шудың, дірілдің, ультрадыбыстың және электромагниттік сәулелердің деңгейлері қолданыстағы гигиеналық нормативтерге сай болуы тиіс.

52. Шу және діріл көздері бар үй-жайлар, цехтар және учаскелер басқа үй-жайлардан алшақтатылуы тиіс. Дірілдің шамамен рұқсат етілген деңгейіндегі жабдықтар ғимараттың еденнен діріл оқшауландырылған өзіндік іргетастарға және басқа да құрылымдарға орнатылуы тиіс. Нормативтік мәннен асатын шу көздері бар агрегаттар дыбыс басқышпен жабдықталуы және бөлек үй-жайларда орналасуы тиіс. Депо цехтарындағы рельс жолдары діріл оқшаулайтын серпімді негізге салынуы тиіс. Дизель-генераторды қабырға сынағы қызметкерлер құрамы орналасатын басқа үй-жайлардан және басқару пультінен дыбыс оқшауланған жеке бөлектенген үй-жайда жүргізілуі тиіс.

53. Жұмыс орындарындағы шу деңгейін өндірістік бақылау және машиналардың діріл сипатын ағымдық сынақтан өткізу 5 жылда кемінде 1 рет жүзеге асырылуы тиіс.

8. Жұмыс орнын ұйымдастыруға, еңбек жағдайына және өндірістік жабдықтарға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

54. Жөндеу үшін депоға берілетін локомотивтер қардан, мұздан, лас қоқыстан тазартылуы, іші және сырты жуылуы, жылытылған ауамен кептірілуі тиіс. Локомотивтерді тазалау, жуу, үрлеу арнайы жуу бөлімшелерінде, олар болмаған жағдайда - осы мақсатқа арналған жолдарда, жеке ғимараттарда механикаландырылған жабық орындарда жүргізілуі тиіс. Тазалау мен жууға арналған бөлек жолдардың екі жағында қатты жабыны бар жол (алаңқай) болуы тиіс.

55. Жұмыс орны таза болуы, күрделі жинау айына кемінде 1 рет жүргізілуі тиіс. Әрбір цех үшін өндірістің сипатына қарай үй-жайды жинау тәртібінің және жүйелілігінің технологиялық процесі әзірленуі тиіс. Мойынтіректерді құюға арналған үй-жайлардағы пеш мойындарының, бағандардың, еденнің, жабдықтар мен құрылғылардың шаңдарын сүрту ылғалды тәсілмен және механикаландырылған заттарды қолдану арқылы жүргізілуі тиіс.

56. Дизельді локомотивтері бар жинау цехтарына қояр алдында отын арнайы сыйымдылық ыдысқа құйылуы тиіс.

57. Арбаларды, доңғалақтарды, зәкірлердің бақандарын, мойынтіректерді, тораптарды және жабдықтардың бөлшектерін тазалау және жуу арнайы үрлеу және жуу машиналарында (камераларында) жүргізілуі тиіс. Жуу машиналары тығыз жабылуы, желдеткіш жүйесімен және тазалау, екінші рет пайдалану және жиналған суды шығару, қоқысты механикалық жолмен шығару үшін құрылғымен жабдықталуы тиіс.

58. Жинау және бөлшектеу цехтарында төмендетілген едендер, технологиялық екі қабатты эстакадалар пайдаланылуы және механикаландыру құралдарымен жабдықталған арнайы көтерілу алаңқайы бар механикаландырылған орындар орнатылуы тиіс.

59. Технологиялық операциялар дәнекерлеуді, жапсыруды қолдану арқылы қозғалмайтын негізге жүргізілуі тиіс.

9. Сырлау жұмыстарын жүргізу кезінде қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

60. Сырлау цехтары, бөлімшелері, учаскелері (тазалау, кептіру, лактеу-сырлау материалдарын дайындау учаскелері) жергілікті сыртқа тарту желдеткішімен жабдықталған, оқшауланған үй-жайларда орналасуы тиіс.

61. Сырлау цехтарында (учаскелерінде) және сыр дайындау бөлімшелерінде ауаны қайта айналдыруға рұқсат етілмейді. Сырлаумен жабдықтаудың қосу механизмі желдеткіш жүйесімен қосылуы және желдеткіш жұмыс істемеген жағдайда қосылмауы тиіс.

62. Локомотивтердің сыртын сырлау жергілікті сору желдеткішімен жабдықталған арнайы қондырғыларда немесе камераларда жүзеге асырылуы тиіс.

63. Сырлау камералары арнайы құрылғылармен жабдықталуы және жұмысты жеңілдетуге бейім (конвейерлер, айналмалы үстелдер, жылжымалы мінбелер) болуы тиіс.

64. Локомотивтерді сырлау Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген сырмен, пневматикалық шаңдату әдісімен жүзеге асырылуы тиіс.

65. Қол жетпейтін жерлерді, қиын конфигурация беттерін, аз ауқымды жердің бетін сырлау қолмен пневматикалық шаңдату арқылы немесе бояу жағатын щеткамен жүргізілуі тиіс.

66. Сырлау жұмысының барлық түрлері жеке қорғаныш құралдарын пайдалану арқылы орындалуы тиіс.

10. Аккумулятор және гальвандық бөлімшелерге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

67. Аккумулятор бөлімшесі оқшауланған үй-жайларда орналасуы тиіс.

68. Аккумулятор бөлімшесінің үй-жайларын бөліп тұратын ішкі ара қабырғалықтар еденнен төбеге дейін тұтас болуы тиіс.

69. Аккумуляторларды жөндеу және қуаттандыру үй-жайларының еденнен 2 м биіктікке дейінгі қабырғаларында және едендерінде сілті мен қышқылға төзімді жабын болуы, еденде - кәріз жолына еңіс болуы тиіс.

70. Қышқылды және сілтілі аккумуляторды жөндеуге арналған өндірістік үй-жайлар жеке жалпы алмасу механикалық желдеткішімен, қорғасынның бөлшегінен дәнекерлеу және балқыту жүргізілетін жұмыс орындары және пайдаланылған электролитті құю орындары жергілікті сорумен жабдықталуы тиіс.

71. Қуаттандыру, жуу-бөлшектеу және жинау үй-жайларында еденді шлангіден аққан су ағысымен жинауға мүмкіндік беретін су ағысын жинағыш трап орнатылуы тиіс.

72. Қышқылды және сілтілі аккумулятор батареяларын бір үй-жайда жөндеуге рұқсат етілмейді.

73. Аккумулятор бөлімшесінде жарылыстан қорғалған арматурадағы лампалары бар жұмыс істеп тұрған және апаттық электр жарығы болуы тиіс.

74. Аккумулятор бөлімшесінің үй-жайындағы температура 15 градус Цельсийдан (бұдан әрі - қС) төмен болмауы, бірақ 20 қС-тен жоғары болмауы тиіс.

75. Аккумулятор бөлімшелерін жылыту үшін ашық пештерді, электр пештерін және электр плиткаларын пайдалануға рұқсат етілмейді.

76. Қышқылды сақтау және электролитті дайындау үшін жеке сыртқа тарту желдеткішімен жабдықталған арнайы үй-жай болуы тиіс. Қышқылды құю жеке қорғаныш құралын пайдалану арқылы технологиялық құрал-жабдықтармен жүргізілуі тиіс.

77. Аккумулятор бөлімшесінде тамақты сақтауға және ішуге рұқсат етілмейді.

78. Аккумулятор бөлімшесінің арнайы бөлінген жерінде қышқылмен және сілтімен зақымданған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету үшін қолданылатын дәрі-дәрмектер сақталуы тиіс. Жұмысшылар қышқылмен және сілтімен зақымданған жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету ережесін білуі тиіс.

79. Гальвандық бөлімшеде гальвандық жабындарды улауға, майын кетіруге, жылтыратуға және электролитті дайындауға арналған оқшауланған үй-жай болуы тиіс.

80. Үй-жай еденінің беті қышқылға төзімді және жиналған судың ағысы үшін еңіс болуы тиіс. Еденнен 2 м дейінгі биіктіктегі қабырғалар ылғалға төзімді материалдардан қапталуы тиіс.

11. Жабдықтарға жөндеу жүргізу кезінде еңбек жағдайларына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

81. Техникалық қызмет көрсетумен және жөндеумен байланысты депо жұмысшылары арнайы киіммен, аяқ киіммен және жеке қорғаныш құралымен қамтамасыз етілуі тиіс. Металл қабатта жатып, отырып немесе тізерлеп жұмыс істейтін адамдарға жұмыс уақытында техникалық құрал-жабдықтар берілуі тиіс.

82. Арнайы киім, арнайы аяқ киім, респиратор, противогаз жарамды болуы, жұмысшының антропометрлік деректеріне сай болуы тиіс. Арнайы киімсіз және қорғаныш құралынсыз жұмыс істеуге рұқсат етілмейді.

83. Локомотивтерді жөндеу кезінде механизация құралдарын қолдану технологиялық процестің барлық кезеңдерінде жөндеу жұмыстарын орындаудың ыңғайлылығы және қауіпсіздігі қарастырылуы тиіс.

12. Санитарлық-тұрмыстық үй-жайларға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

84. Әр депода киім ілгіш, себезгі, қол жуғыш, санитарлық тораптар, әйелдер гигиенасының бөлмесі, тамақ ішуге, демалуға және жылынуға арналған, арнайы киімді және жеке қорғаныш құралдарын өңдеуге, сақтауға және беруге арналған үй-жайлар, арнайы киімді және арнайы аяқ киімді кептіруге арналған үй-жайлардан тұратын жылытылатын санитарлық-тұрмыстық үй-жайлар болуы тиіс.

85. Киім ілгіштер жеке жұмыс және үй киімін сақтау үшін бөлек болуы, ілгіштермен немесе арнайы шкафтармен жабдықталуы тиіс.

86. Жұмысшыларды жылытуға арналған үй-жайлар неғұрлым көп ауысым кезінде бір адамға $0,1 \text{ м}^2$ есебімен, бірақ 12 м^2 -ден кем болмауы тиіс.

87. Өндірістік үй-жайларда жұмыс орнынан ішуге, жуынуға арналған құрылғыларға және әжетханаға дейінгі қашықтық 75 м -ден аспауы тиіс

88. Жұмыс орнындағы қолжуғыштардың саны жұмыс істейтіндердің санынан кемінде 30% есебімен қарастырылуы тиіс. Қолжуғыштарда жуыну құралдары және электрлі құрғатқыш сүлгілер болуы тиіс.

89. Өндірістік цехтардағы қолжуғыштарда қолға арналған жуу және қорғаныш құралдары болуы тиіс.

90. Деподағы тамақтану объектілері (асхана, әзірлеу-асханасы, буфеттер) Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2526 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 25 шілдедегі N 569 бұйрығымен бекітілген "Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар" туралы санитарлық ереженің талаптарына сай болуы тиіс.

91. Тамақ ішетін бөлменің ауданы әр келушіге 1 м^2 болуы, бірақ 12 м^2 -ден кем болмауы тиіс.

92. Депода өндірістен тыс үй-жайлар орналасуы және отыратын орындардың, салқындату шкафтарының, қолжуғыштың жеткілікті санымен жабдықталуы қажет жұмысшыларға арнайы тамақ беруге арналған жеке үй-жай бөлінуі тиіс.

93. Себезгі бөлмесімен қолжуғыштар ыстық және салқын сумен қамтамасыз етілуі тиіс.

94. Барлық өндірістік және санитарлық-тұрмыстық үй-жайларда жинау мүкәммалдарын сақтауға арналған арнайы орындар бөлінуі тиіс.

13. Медициналық-санитарлық қамтамасыз етуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар

95. Жұмысшылардың тізім құрамын және өндірістік процестердің топтарын ескере отырып, депода денсаулық сақтау пункті (медпункт), әйелдердің жеке гигиенасына арналған үй-жай, моншалар (сауналар), жұмыс уақытында демалуға арналған үй-жайлар болуы тиіс.

96. Денсаулық сақтау пункті бірінші қабатта орналасуы тиіс. Денсаулық сақтау пунктінің үй-жайында N 334 бұйрыққа сәйкес әртүрлі аурулар бойынша диспансерлік есепте тұратын жұмысшыларға арналған қалыпқа келтіру және алдын алу іс-шараларын жүргізу мақсатында сауықтыру кешендері орналасуы тиіс.

97. Қолайсыз микроклиматтық жағдайларда, ыңғайсыз жағдайда, зиянды заттармен, шулы жағдайда және басқа да зиянды факторлармен жұмыс істейтін адамдар үшін жұмыс уақытында аз уақыт демалуға арналған үй-жай қарастырылуы тиіс.

98. Цехтарда және өндірістік учаскелерде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3358 болып тіркелген, "Халыққа алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі қобдишасының құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 20 желтоқсандағы N 876 бұйрығына сәйкес алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмектермен толықтырылған дәрі қобдишасы болуы тиіс.

99. Депоның жұмысшылары жазатайым оқиға кезінде алғашқы медициналық көмек көрсетуге байланысты оқытылуы тиіс.

100. Міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулер Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 31 наурызда N 2780 болып тіркелген "Алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулерден өтуге міндетті зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесі мен Зиянды, қауіпті және қолайсыз өндірістік факторлардың әсеріне ұшыраған қызметкерлерге міндетті алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулерді жүргізу жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2004 жылғы 12 наурыздағы N 243 бұйрығына сәйкес жүргізілуі тиіс.